

«Балапан» Маржанбұлақ балабақшасының Қамқоршылық кеңес отырысының

№2 ХАТТАМАСЫ

Күні: 29.12. 2023ж

Қатысқандар – 3 ата –ана, 1-кәсіпкер, 1-учаскелік полиция қызметкері

Күн тәртібінде:

1. Балабақша меңгерушісі Л.Т. Еркусимованың 2023 жылы атқарылған жұмысының есебі.

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Л.Т.Еркусимова Қамқоршылық кеңесінің мүшелерінің алдында 2023 жылы балабақшада атқарылған жұмыстарының есебін берді.

Балабақшада оқыту-тәрбиелеу, сауықтыру процесін ұйымдастыру мен жүргізу үшін барлық қажетті жағдайлар жасалған. Балабақша ауласы көгалдандырылған, бау-бақшасы, гүлзарлары бар. Балабақшаның жер аумағы 0,2577 га. Әр топқа арналған серуендеу алаңы бар. Балалардың ойындары мен қозғалыс қызметіне, сюжеттік-рөлдік ойындарына, сумен және құммен ойнауға арналған жабдықтар орнатылған. Балабақшаның ғимараты типтік емес, 2 қабатты, жарық, су, көріз жүйелері қанағаттанарлық жағдайда.

Топтық бөлмелері мен жатын бөлмелері бір-бірінен бөлінген. Топтар 2 өабатта орналасқан. Барлық топқа бір кірер есік. Әр топтың қабылдау бөлмесі бар. Барлық кабинеттер қажетті құрал-жабдықтармен, ойын және оқу-дидактикалық материалдарымен жабдықталған.

Заттық-дамытушылық орта ойластырылған. Педагогтардың өз бетінше дайындаған стандартты емес оқу құралдары дамытушылық ортаны толықтырады. Оқу құралдарының барлық түрлері және ойыншық түрлері оқыту мен тәрбиелеудің өзгешелігі мен міндеттеріне байланысты.

Ас үй-ас әзірлейтін блок бірінші қабатта орналасқан. Қажетті жабдықтар жиынтығы бар: тоңазытқыш-2 дана, мұздатқыш камера-2 дана, электр плиталары-2 дана. Медициналық кабинет, оқшаулау бөлмесі екінші қабатта орналасқан. Медициналық кабинеттің лицензиясы бар, медициналық құрал-жабдықтармен жабдықталған. Әдіскер кабинеті, психолог кабинеті бар, көрнекі құралдармен толықтырылды. Кір жуатын орын ұйымдастырылған, жабдықтармен қамтамасыз етілген, төсек орындар жеткілікті.

2023 жылы балабақшаның материалдық-техникалық базасы жергілікті бюджеттен бөлінген 2 700 000 теңгеге толықтырылды. Сатып алынған жихазбен құрал-жабдықтар тізімі:

1. Балалар керуеті (3 ярусты, 2 ярусты) – 27 дана
2. Смарт теледидар – 3 дана
3. Су жылытқыш – 5 дана
4. Бактерицид лампасы – 2 дана
5. Гимнастикалық отырғыш – 6 дана
6. Балалар орындығы – 30 дана
7. Ламинатор – 1 дана
8. Принтер – 1 дана
9. Сканер – 1 дана
10. Балалар ойын жихазы – 3 дана
11. Сүлгіге арналған шкафтар – 4 дана
12. Төсек жабдықтар – 75 дана
13. Матрас – 50 дана
14. Кір жуатын машина – 1 дана
15. Таразы – 1 дана.

Қамқоршылық кеңес хатшысы:



Кангожина Н.Т.